

2. Вельможин А.В. Теория транспортных процессов и систем: учеб. для вузов/ А.В. Вельможин, В.А. Гудков, Л.Б. Миротин. - М.: Транспорт, 1998. - 167 с.

Duishebaev S. S.

## FEATURES PEOPLE'S CHOICE MODE OF TRANSPORT FOR MOVEMENT ON CITY ROUTES

This article describes the problems of the organization of passenger transportation in the city of Bishkek, especially the choice of mode of transport for population movements, the system of indicators of quality of service of passengers and ways to reduce the total cost of the travel time of passengers.

Дүйшебаев С.С.

## ҚАЛА ІШІ ҚОЗҒАЛЫСЫНДА ЖОЛАУШЫЛАРДЫҢ МАРШРУТТАРДАҒЫ КӨЛІКТЕРДІ ТАҢДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада Бішкек қаласы ішіндегі қоғамдық жолаушылар тасымалдау жұмысының ұйымдастыру ерекшеліктері негізінде жолаушыларға қызмет көрсету сапасы мен тиімділігі қарастырылған.

**ӘОЖ 004.738.52**

**Исимсартова Б.М., Ордабаева Г.К.**

*(Қазақ ұлттық аграрлық университеті)*

## РНР ТІЛІНІҢ ҚАРАПАЙЫМ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

### **Андатпа**

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар барлық салаларға кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. Ақпараттық-қатынастық технологияны пайдаланудың жағдайында студенттердің білімдерін жетілдірудің мүмкіндігі кең, соның бірі электрондық оқулықтарды, сайттарды қолдану болып табылады. Мақалада сценарий жазуға арналған РНР тілінің қарапайым элементтері қарастырылған.

**Кілт сөздер:** РНР, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Web-сервер, РНР-процессор, РНР-код.

### **Кіріспе**

Қазіргі уақытта Қазақстанда ақпараттық қоғамның интенсивті дамуы жүруде. Мұндай қоғамның социалды сұранысы – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалана алатын және де ақпараттың ағымына бейімделе алатын озық ойлы жеке тұлға қалыптастыру.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдаланудың жағдайында студенттердің білімдерін жетілдірудің мүмкіндігі кең, соның бірі электрондық оқулықтарды, сайттарды қолдану болып табылады.

Қажеттіліктерге байланысты сайттарды құру тілдерінің көптеген түрлері бар: HTML, JavaScript, PHP, CSS, FlashPerl, Python, Ruby және т.б. Бұл тілдердің әрбірінің артықшылықтары және кемшіліктері болады [1].

### **Негізгі бөлім**

PHP (Hypertext Preprocessor – гипермәтінді препроцессор) тілі серверде орындалатын сценарий жазуға арналған тіл. Браузер URL-адресіне (Uniform Resource Locator – ықшамдалған ресурстар көрсеткіші) көрсетілген PHP тілінде жазылған Web-құжатты орындау үшін Web-серверге сұраныс жасайды. Web-сервер PHP-процессорын жүктеп, PHP-кодты орындайды да, нәтижені Web-серверге қайтарады. Ал Web-сервер өз кезегінде нәтижені браузерге терезеде бейнелеу үшін жібереді.

Әдетте PHP тілі Web-сервер мен пайдаланушы арасында деректер алмасуда, яғни Web-құжатта форум, қонақ кітабы, тіркелу анкетасы, хабарландыру тақтасы, чат құруда қолданылады.

PHP артықшылықтары:

- қарапайымдылығы;
- құру жылдамдығы;
- кітапханалар көптігі (дайын көптеген кітапханалар классы бар);
- интернеттегі кез-келген сервер PHP-ны қолдайды;
- қауіпсіз, қорғалған сайттар жасау мүмкіндігі.

Кемшілігі - жүйелік функцияларға қол жеткізу қолайсыз, алайда бастаушы программистке PHP ең дұрыс шешім [2].

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

PHP тіліндегі Echo (5 + 5) конструкциясы қарапайым (бір қатарлы) оператор деп аталды. PHP-де әр оператор «нүктелі үтірмен» аяқталады. Осы себепті әр жазудан кейінгі келетін «нүктелі үтір» символы бөлек оператор ретінде қабылданады.

Қарапайым оператор ауыспалы бірнеше қатарды өз ішіне алады. Мысалы.

```
<?
echo (5 + 5);
echo (5 - 2);
echo ("Hello, world!");
?>
```

Қарапайым оператордан басқа тағы құрама оператор да бар, олармен операторлар тізбегін анықтауға да болады. Кейде құрама операторларды көп қатарлы деп те атайды. Құрама оператордың қарапайым оператордан айырмашылығы, ол нүктелі үтірмен аяқталмайды, оның аяқталғанын фигуралық жақша білдіреді [3].

PHP тілі бізге түсініктеме қоюдың бірнеше түрін береді. Екі қысық сызықтан ( // ) кейін түсініктеме жазу ең қарапайымы болып есептеледі. Осы екі сызықтан кейін PHP машинасы қатар соңына дейін орналасқандардың бәрін өндемейді. Түсініктемені дәл осылай нөмір (#) символының көмегімен де орындауға болады (UNIX тілінің скрипт түсініктемелері). Сонымен қатар, C++ тілі стиліндегі (/\*..\*/) түсініктемелерді де қолдануға болады. Түсініктеме берудің түрлі жолдары төмендегі мысалда келтірілген.

```
<?
echo ("Hello"); // бұл түсініктеме
echo ("Hello"); # бұл да түсініктеме
/* ал бұл көп мерзімді түсініктеме */
?>
```

PHP – де айнымалылар ақша бірлігі (\$) белгісінен басталады. Белгіден кейін шексіз әріптік–сандық және белгілеу символдары жазылуы мүмкін. Ал (\$) кейінгі символ сан, не болмаса белгі болмауы керек. Сол сияқты айнымалыларды мына түрде беруге болады. \$n, \$n1, \$user\_Func\_5 және т.с.с. Кілттік сөздерге қарағанда айнымалылардың аты PHP-де регистрге сезімтал болады. Мысалға: \$user\_func,

\$User\_func және \$USER\_FUNC бұлардың жазылуы бір болғанымен регистрінде айырмашылық бар.

PHP-де айнымалыны пайдаланудан алдын оның типін көрсету шарт емес. Сонымен бірге, айнымалы программа жұмысы барысында түрлі типтер қабылдау мүмкін.

Сыртқы айнымалылар деп басқа скрипттерден кіретін барлық айнымалыларды айтады (браузер және сервермен беріледі). Клиенттің сұрауы WEB-сервер мен PHP-препроцессорына берілгеннен соң, соңғысы сұранысқа байланысты және әрдайым орындауға ыңғайлы анықтамалар қатарын анықтайды. Егер PHP айнымалының айналасын және register\_glibals құрастырушысы қосылған болса, PHP айналасындағы сондай аты және мәндері бар айнымалыны құрады. Бұл айнымалылар \$HTTP\_ENV\_VARS массивіне және \$\_ENV суперглобальді массивіне орналасады.

Тұрақтылар PHP тілінде define (): функция көмегімен жазылады.

define (CONSTANT, value)

Бұл функцияның бірінші параметрі – тұрақтының аты, ал екіншісі - оның мәні, мысалы:

```
<?
define (CONSTANT1, 15);
define (CONSTANT2, "\x20"); // бос орынның коды
define (CONSTANT3, "Hello");
echo (CONSTANT1);
echo (CONSTANT2);
echo (CONSTANT3);
?>
```

Дәстүрге сай тұрақты аттарын үлкен регистр әріптерімен жазады. Бұл тек қана стиль болса да, оны қолданған жөн.

PHP айнымалы типінің анықтылығына қарамауға рұқсат береді. Бір ғана айнымалымен, программаның жұмысы барысында қатарды да, санды да өңдеуге болады. Бірақ PHP-де сұрыпталған негізгі тип берілгендері бар, олар айнымалымен жұмыс барысында әсер етуі анық. Айнымалылардың негізгі типтері төменде көрсетілген:

- Integer
- String
- Float (double, real)
- Array
- Boolean
- Object

PHP тілінде айнамадыға тағайындалған типті анықтау үшін gettype функциясы қолданылады. Бұл функцияның бір ғана параметрі бар, ол типін анықтау қажет болған айнымалының аты. Осы gettype функциясының қолдану үлгісі төмендегі листингіде берілген.

```
<?
$var_str = "5";
$var_num = 5;
echo (gettype($var_str));
echo "<br>";
echo (gettype ($var_num));
?>
```

Осы скрипт орындалғаннан соң, мына нәтижені аламыз:

```
String  
Integer
```

Цикл операторлары бір амалдың бірнеше рет қайталануына алып келеді. PHP-да цикл операторының төрт түрі бар:

- while
- do...while
- for
- foreach

Алдыңғы үш цикл операторлары C++ тілінен алынған болса, ал соңғы оператор Perl тілінен алынған. While операторында бірінші логикалық шарт тексеріліп, содан кейін барып амалдар орындалады. While операторының жалпы жазылу үлгісі төмендегідей:

```
While (шарт)  
{  
оператор;  
}
```

Циклды орындалу тәртібі мынадай, алдымен шарт тексеріледі. Егер шарт қанағаттандырылса, онда цикл орындалады. Цикл операторы шарт қанағаттанғанынша орындала береді. Циклға шарт беруден алдын оның бір кезде орындалатынына көз жеткізу керек, болмаса, шексіз циклға түсіп қалуыңыз мүмкін.

PHP-де функция өз алдына программаның бір бөлігі болып есептелінеді. Бұл бөлікті программаның керек жерінде шақыртып орындатады. Қарапайым түрде функция бірнеше айнымалылардан тұрады. Функция осы берілген айнымалыларды пайдаланып белгілі бір амалдарды орындайды және нәтижені программаға қайтарып береді.

Функцияны Function кілттік сөзі арқылы сипаттайды. Одан кейін фигуралық жақша ішінде функцияның денесі болып табылатын айнымалылар жазылады. Мысалы:

```
Function Myfunction ()  
{  
// операторлар  
}
```

Егер функция аргументі мәндерді қабылдаса, олар функцияның айнымалысында жазылады. Егерде функцияда бір немесе бірнеше аргумент қолданылса, онда айнымалылар үтірлермен бөлінеді:

```
Function Myfunction ($var, $var1, $var2)
```

### **Қорытынды**

Қорыта келе, PHP тілінде сценарийлерді ұйымдастыру жоспарлы жұмыс, көп еңбектенуді, дайындалған ақпараттың нақты, сапалы болғанын қадағалауды қажет етеді. Сонымен қатар, PHP тілі ізденімпаз қолданушы меңгере алатын қарапайым тіл.

### **Әдебиеттер**

1. Мазуркевич А. PHP: настольная книга программиста. – М.: Новое знание, 2004. – 479 с.
2. Макинтош Дж. Perl & PHP: библиотека программиста. –Спб.: Питер, 2004. –218 с.

3. Орлов А.А. PHP: Полезные приемы. –2-е изд. перераб. и доп. –М.: Горячая линия – Телеком, 2006. –272 с.: ил.
4. <http://www.php.net>.
5. <http://www.apache.org>.

Исимсартова Б.М., Серикбаев А.У., Ордабаева Г.К.

## ПРОСТЫЕ ЭЛЕМЕНТЫ ЯЗЫКА PHP

Основная цель составления образовательных сайтов – организация и реализация образовательных программ в информационном пространстве. Во время составления данной системы возникают большие возможности для повышения качества образования. В данной статье рассматриваются простые элементы языка PHP для написания сценариев.

*Ключевые слова:* PHP, информационные-коммуникационные технологии, веб-сервер, php-процессор, php-код.

B.Isimsartova, A.Serikbaev, G.Ordabaeva

## SIMPLE ELEMENTS OF PHP

The main purpose of drawing up educational sites - organization and implementation of educational programs in the information space. During the preparation of these systems there are big opportunities to improve the quality of education. This article discusses the simple elements of the PHP language to write the script.

*Keywords:* PHP, information of communication technologies, WEB-server, PHP - processor, PHP-code.

УДК 631.3:621.3.036.5

Кешуов С.А., Алдибеков И.Т., Жакишева М.Т.

<sup>1</sup>Казахский научно-исследовательский институт механизации и электрификации сельского хозяйства, г. Алматы

<sup>2</sup>Алматинский университет энергетики и связи, г. Алматы

<sup>3</sup>Казахский национальный аграрный университет, г. Алматы

## ИССЛЕДОВАНИЕ СОЛНЕЧНОГО ВОДОНАГРЕВАТЕЛЯ С ВАКУУМИРОВАННЫМ ТРУБЧАТЫМ КОЛЛЕКТОРОМ

### Аннотация

В статье описана конструкция солнечного водонагревателя с вакуумированным трубчатым коллектором, приведены результаты его натурных испытаний в климатических условиях г. Алматы, определены энергетические и параметры и обоснована целесообразность круглогодичного использования в южных регионах республики.

*Ключевые слова:* теплообеспечение, энергосбережение, солнечный водонагреватель, вакуумированный трубчатый коллектор.